

**«Алтын Шашу»
балалар мен жасөспірімдер театр шығармашылығының
IV Халықаралық қашықтық байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1.IVХалықаралық «Алтын шашу» балалар мен жасөспірімдер театры шығармашылығының қашықтық байқауын (бұдан әрі – байқау) өткізу қағидалары оның мақсатын, міндеттерін, оны ұйымдастыру форматын, өткізу және қорытынды шығару тәртібін анықтайды.

2.Байқаудың мақсаты:жас ұрпақты рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбиелеу факторы ретінде балалар мен жастар театрының шығармашылығын қолдау және дамыту, театр өнері арқылы олардың қабілеттері мен шығармашылық әлеуетін дамыту.

3. Міндеттері:

- талантты жастарды анықтау және қолдау, театр өнері саласында жаңа есімдер мен таланттарды ашу;
- қатысушылардың шығармашылық жетістіктері мен тәжірибелерімен алмасу;
- өскелең ұрпақтан адамгершілік пен жауапкершілікті түсінетін, өз бетінше ойлай білетін, шығармашылық тұлғасын қалыптастыру;
- әр түрлі ұлттық мәдениеттерді біріктіруді насихаттау, балалар мен жастардың толерантты конфессияаралық және этникалық қатынастарын нығайту;
- театр өнеріндегі кәсіби және әуесқой шығармашылықты ынталандыру;
- ұлттық ерекшеліктің өзегін құрайтын моральдық, этикалық және эстетикалық құндылықтар жинағын жаңа ұрпаққа беру;
- жаңаданкелген қатысушыларды шығармашылық әлеуетке қол жеткізуге ынталандыру;
- дарынды қатысушыларды әлемнің кәсіби сахналық алаңдарына ілгерілету;
- педагогтерді одан әрі шығармашылық ізденістерге ынталандыру.

4. Байқауды ұйымдастырушылар- Қарағанды қаласының «№ 2 Балалар өнер мектебі – ЮНЕСКО клубы» КМҚК (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, ЮНЕСКО Клубтарының Қазақстан ұлттық федерациясықолдауымен.

5. Өткізу нысаны қашықтықтан.

2. Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

6. Өтінім, қатысушылар тізімі және <http://www.youtube.com> арнасында орналастырылған бейнематериалға сілтемелер Ұйымдастыру комитетіне 2024 жылдың 5 қаңтарына дейін altyn_shashu24@mail.ru электрондық мекенжайға жіберіледі.

7. Байқау (қазылар алқасы мүшелерінің бейнематериалдарды көруі) 2024 жылдың 10-20 қаңтар аралығында өткізіледі.

8. Туындаған сұрақтар бойынша келесі телефон нөмірлері арқылы хабарласуға болады+7-701-484-68-33, +7-700-301-54-55, +7-705-420-11-03, +7-775-348-61-29.

3.Байқауға қатысушылар

9. Байқауға балалардың жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының балалар театр ұжымдары қатысады.

10. Жас санаттары:

- 7-11 жас;
- 12-15 жас;
- 16-17 жас;
- Аралас жас .

Ескертпе: әрбір жас санатындағы ұжымда көрсетілген жас санатынан кіші немесе үлкен қатысушылардың 20% - на дейін болуына жол беріледі.

4.Өткізу тәртібі

11.Байқауға қатысу тегін болып табылады.

12. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- 1) Спектакль (драма, мюзикл, опера,) ұзақтығы кемінде 20 минут.
- 2) Қуыршақ спектаклінің ұзақтығы кемінде 10 минут, бірақ.

Ұжым номинациялардың бірі бойынша байқау жұмысын қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынады.

13.Байқауды ұйымдастырушылар келесі жағдайларда байқауға қатыстыруға қарсылық білдіруге құқылы: қатысуға өтінім беру мерзімі бұзылған жағдайда, бейне материал сапасы нашар, бейне материалды монтаждау, желімдеудің болуы.

Байқауға сөйлеу тренингтері, үгіт бригадалары, театрландырылған концерттер қатыспайды.

Байқауға ұсынылатын спектакль бір кадрдатүсірілуі тиіс. Монтаж жекелеген көріністер, эпизодтардың жақыннан түсірілуіалынып тасталады.

Атауы, авторы, басшылары және рөлдерді орындаушылары көрсетілген титрлердің болуы құпталады.

Қатысушылар немесе ұжымдар бірнеше номинацияларға қатысуға құқылы.

14.Байқауға 2023 жылдың 1 қаңтарынан ерте қойылмаған спектакльдер қабылданады.

15. Қорытындылау 2024 жылғы 21-25 қаңтар аралығында өтеді.

16.Байқауды кәсіби қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді.

Қазылар алқасы бағалайды:

- орындаушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тақырыптың өзектілігі;

- режиссура;
- актерлік шеберлік;
- музыкалық безендіру;
- сценография.

Театр қойылымдарын бағалау критерийлері:

- орындаушылық шеберлік;

- нөмірдің көркемдік мәнерлілігі (көркем образдың композициялық, мазмұнды және музыкалық бірлігі);
- әртістік,
- бейнені ашу;
- орындаушылық ынта және өзіндік ерекшелік;
- орындаушылардың жасына сәйкес репертуарды таңдау;
- музыкалық сүйемелдеу.

17. Ұйымдастырушылар байқаудың бейнематериалдарын өз қалауы бойынша пайдалануға құқылы.

5. Байқау қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

18. Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар гран-при, I, II, III дәрежелі дипломдармен, сондай-ақ әрбір жас санатындағы номинациялар бойынша: «Үздік ер (әйел) рөлі», «Үздік екінші пландағы рөл», «Музыкалық бейненің ең үздік көрінісі», «Образдың жарқын көрінісі үшін», «Қазылар алқасының арнайы дипломы», жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады.

Байқаудың барлық қатысушыларына қатысу туралы сертификаттар беріледі.

19. Жеңімпаздар дипломдарының, басшылардың алғыс хаттарының, қатысушылардың сертификаттарының электрондық нұсқалары <https://kargoo.kz/index/fromorg/148?lang=ru> сайтында автоматты жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Қосымша

**«Алтын шашу»
балалар және жасөспірімдер театр шығармашылығының
IV облыстық қашықтық байқауына қатысуға өтінім**

1	Қатысушының тегі, аты-жөні/Ұжым атауы	
2	Елді, қаланы көрсете отырып, конкурсант ұсынатын мекеменің атауы.	
3	Жас мөлшері	
4	Шығарма атауы	
5	Авторы	
6	Жетекшінің аты-жөні (толық) Байланыс телефоны (мүмкіндігінше WhatsApp, e-mail-мен))	
7	Қоюшы режиссер	
8	Музыкалық безендіру	
9	Хореограф (бар болса)	
10	Хронометраж	

Өтінімге қатысушылардың тізімі қоса беріледі.

№	Тегі, аты.	Жасы	Орындайтын рөлі